

Қазақстан халқы Ассамблеясы
Keңесiнiң
2021 жылғы қарашадағы
№ шешiмiмен
БЕКIТIЛГЕН

**Қазақстан халқы Ассамблеясының қоғамдық (халықтық)
жобалары туралы
ЕРЕЖЕ**

I. Жалпы ережелер

1. Қазақстан халқы Ассамблеясының қоғамдық (халықтық) жобалары туралы ереже Қазақстан Республикасының азаматтары мен азаматтық қоғам институттары бастамашылық ететiн қоғамдық келiсiм және жалпыұлттық бiрлiк саласындағы әлеуметтiк маңызы бар жобаларды қолдау шараларын қамтамасыз етуге бағытталған.

2. Осы Ереже Қазақстан халқы Ассамблеясының қоғамдық (халықтық) жобасы (бұдан әрi – Жоба) ұғымын, оның мәнiн, Жоба мәртебесiн беру өлшемшарттарын, сондай-ақ Қазақстан халқы Ассамблеясы тарапынан ұйымдастырушылық және ақпараттық қолдау шараларын айқындайды.

3. Жоба қоғамдық келiсiм мен жалпыұлттық бiрлiк саласындағы әлеуметтiк маңызы бар бастамаларды iске асыруға жалпы жұртшылықты тартуға ықпал етедi және азаматтық қоғамды дамыту мен бiрлiктi нығайтудың маңызды тәсiлдерiнiң бiрi болуы тиiс.

4. Жобаны Қазақстан халқы Ассамблеясы тұрғысынан қоғамдық келiсiм мен жалпыұлттық бiрлiк саласындағы әлеуметтiк маңызы бар жоба ретiнде тану оны Қазақстан халқы Ассамблеясы, уәкiлеттi орталық мемлекеттiк орган және жергiлiктi атқарушы органдар тарапынан ұйымдастырушылық және ақпараттық қолдауды, сондай-ақ республика деңгейiнде ауқымдылығын бiлдiредi.

5. Жеке немесе заңды тұлғалар (қоғамдық бiрлестiктер мен ұйымдар, қайырымдылық қорлары, қауымдастықтар және ұйымдық-құқықтық нысанына қарамастан басқа да ұйымдар) Жобаны ұйымдастырушы бола алады.

6. Жобаның мақсаттарын, мiндеттерiн, өзектiлiгiн, iске асыру мерзiмдерiн Жобаны ұйымдастырушы дербес айқындайды.

7. Жобаны ұйымдастырушының жеке қаражаты, қайырымдылық жасаушылар мен меценаттардан тартылған қаражат және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған басқа да көздер Жобаны қаржыландыру көздерi бола алады.

8. Жоба iс-шараларының қаржылық және ұйымдастырушылық-техникалық қамтамасыз етiлуiне, оның Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестiгiне ұйымдастырушы дербес жауапты болады.

2. Жобалардың мақсаттары, міндеттері мен бағыттары

9. Жобаның мақсаты Қазақстан халқы Ассамблеясының мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізу үшін мемлекеттік органдардың, этномәдени және өзге де қоғамдық бірлестіктердің күш-жігерін біріктіруге жәрдемдесу, оған ел халқының қалың жігін тарту, әлеуметтік маңызы бар қоғамдық міндеттерді шешу болып табылады.

10. Жобаның міндеттері:

1) азаматтық қағидаттарында қазақстандық бірегейлік пен патриотизмді нығайту;

2) қалың бұқараны мәдениетаралық және этносаралық коммуникациялар процестеріне тарту, Қазақстан халқының рухани-мәдени тұтастығын нығайту;

3) қоғамдық сананы жаңғырту басымдықтарын қоғамда нығайту, қоғамда ұйыстырушы құндылықтарды қалыптастыру;

4) Жобаға қатысушылардың әлеуметтік әріптестік дағдыларын, нысандары мен біліктіліктерін, толеранттылық пен құрмет сезімдерін дамыту болып табылады.

11. Жобалар қызметінің негізгі бағыттары (түрлері):

1) әлеуметтік бағдарланған;

2) ақпараттық-түсіндіру;

3) мәдени-ағарту;

4) қайырымдылық және волонтерлік;

5) білім беру және дамыту.

3. Жобаның мәртебесін беру тәртібі

12. Жобаны ұйымдастырушы Қазақстан халқы Ассамблеясының Хатшылығына жобаға қоғамдық (халықтық) мәртебе беру туралы ресми өтініш енгізеді.

13. Өтінішпен бірге мыналар енгізіледі:

1) әлеуметтік маңыздылығы негізделген Жоба туралы ереже, Жоба басшысы туралы мәліметтер және қажетті материалдар (*авторлық құқық туралы мәліметтер, осындай жобаларға қатысқаны туралы рецензиялар, сертификаттар және т.б.*);

2) іс-шаралар сметасымен болжамды түпкілікті нәтижесі бар Жобаны іске асыру бағдарламасы (*қаржыландыру көздерін көрсете және растай отырып*).

14. Жобаны іріктеу өлшемшарттары:

1) әлеуметтік мәселені (қажеттілікті) шешуге бағытталу;

2) азаматтардың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталу;

3) халықтың әртүрлі санаттарын сандық қамту;

4) Жобаны жүзеге асыру үшін ресурстармен қамтамасыз етілу;

5) Жоба нәтижелерінің өлшемді болуы.

15. Қазақстан халқы Ассамблеясы Хатшылығының жанында тиісті комиссия құрылады, ол Жобаның осы Ереженің мақсатына, міндеттері мен

өлшемдеріне сәйкестігін қарайды және қоғамдық (халықтық) мәртебе беру үшін Жобаны келіседі. Комиссия отырыстары қажеттілігіне қарай өткізіледі.

16. Осы Ереженің мақсаты мен міндеттеріне сәйкестігіне жүргізілген сараптама қорытындылары бойынша Қазақстан халқы Ассамблеясының Хатшылығы ресми бланкіде ұсынымдық сипаттағы қорытынды түрінде ресімделетін шешім қабылдайды.

17. Қазақстан халқы Ассамблеясының қорытындысында Жобаның деректемелері, оның қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірлік саласындағы өзектілігі мен әлеуметтік маңыздылығы, Жоба басшысы туралы мәліметтер көрсетіледі.

18. Жоба басшысына тиісті мәртебе беріледі, оның шеңберінде ол Жобаның мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізу үшін Қазақстан халқы Ассамблеясының атынан өкілдік ете алады.

19. Іріктеуден өткен жобалар Қазақстан халқы Ассамблеясының Хатшылығы жүргізетін Қазақстан халқы Ассамблеясының қоғамдық (халықтық) жобаларының тізіліміне енгізіледі.

20. Қоғамдық (халықтық) мәртебесі бар жобаларға этномәдени бірлестіктердің өкілдері, Қазақстан халқы Ассамблеясының қоғамдық құрылымдары мен жастар ұйымдарының, үкіметтік емес ұйымдардың мүшелері, меценаттар, кәсіпкерлер және азаматтардың басқа да санаттары тартылуы мүмкін.

21. Жобалар Қазақстан халқы Ассамблеясының ұйымдастырушылық және ақпараттық қолдау шараларымен қамтамасыз етіледі. Қолдау шараларын іске асыру мен үйлестіруді Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің «Қоғамдық келісім» РММ-і жүзеге асырады.

22. Жоба комиссия отырысында қарау қорытындылары бойынша Қазақстан халқы Ассамблеясы Хатшылығының шешімімен Қазақстан халқы Ассамблеясының қоғамдық (халықтық) жобаларының тізілімінен шығарылады.
